

Қарағандымен тағдырлас тұлға

Қызғалдақ АЙТЖАНОВА

Жылдар жылжып, уақыт сынаптай сырғып барады. Бүгінгіміз білінбей кешеге айналады. Кешеміз ұрпақ архивтерден іздейтін тарихқа... Қазақ «Елу жылда – ел жаңа. Жүз жылда қазан» дейді. Ал, сексен жылда ше? Ел де, жер де мүлде бөлек екен. Шаһар да...

Ақарлы-шақарлы шаһардың 80 жылдық ғұмырында «мэр» деген мәртебесі бар орын тақта 20 басшы отырыпты. Бүгінге дейін. (Қазіргі қала әкімі М. Смағұлов -21-ші...)

Біздің кейіпкеріміз – сол тізімде 12-ші. Байболат Әбдірахманұлы Әбдірахманов.

Жалпы, өмір өзі қызық. Италияндық математик, физик Галилео Галилей «Әлем математика тілімен бейнеленген» депті. Сол рас екен. Мынаны қараңызшы... Байболат Әбдірахманұлы - Қарағанды қала мәртебесін алғаннан соң 1 жылдан кейін 1935 жылы дәл осы Қарағандыда дүние есігін ашыпты... 44 жылдан соң туған қаласының атқару комитетінің төрағасы болды. Бұл - Қарағанды қала мәртебесін алғанына 45 жыл еді. Яғни, 1979 жыл... Кездейсоқ ештеңесі жоқ. Бәрі де математика қолымен қойғандай. Математикада сәйкестік емес, нақтылық қана болады. Ендеше, Байболат Әбдірахманұлының қалалық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалуы – Қарағанды тарихында қолтаңбасын қалдыруға мүмкіндік берген тағдырының тағы бір шешуін табуын қажет еткен есебі болар...

Өмір университеттері

Әр адамның Алла маңдайына жазып, өлшеп берген талайы бар десек, Байболат Әбдірахманұлының пешенесіне өзінің туған жерін гүлденуі бұйырыпты. Ал, оған дейінгі ғұмыры бір кітапқа татиды. Ол туралы өзі былай дейді...

«Мен Қарағандыда шахтердің отбасында 1935 жылы дүниеге келіппін. Бірақ әкем – Керекуден. Сондықтан, 1942 жылы елге қайтамын деп, Керекуге қайтып кеттік. Анам да, әкем де дүниеден ерте қайтты. Әуелі анам, соңынан әкем менің 9 жасымда дүниеден озды. Өзімнен кейін інім мен қарындасым қалды. Үшеуімзді әкемнің ағасы бауырына алды. Алайда, ол кезенді білесіз, ауыр кезең. Үшеуімзді бірдей асырап сақтау қиындық тудыратынын түсіндім. Содан өзім ағайыма айтып, балалар үйіне кеттім. Онда 7 класқа дейін білім беретін еді сол кезде». Бұдан кейінгі Байболат ақсақалдың ғұмыры, тіпті, шытырман. Оқуын арнаулы білім орындарында, училищеде жалғастыруды мақсат тұтады. Керекудегі сол уақыттағы үш оқу орнының үшеуіне құжатын тапсырып, қайтып алып, соңынан педучилищеге тоқтапты. Онда қазақ мектептеріне сабақ беретін орыс тілінің мұғалімі мамандығы бойынша. «Бұл да маған өте жақсы болды», – дейді Байболат Әбдірахманұлы. – Қазақ мектебінде оқығанмын. Бұл оқу орысшамды жетілдіруге әсер етті.

Училищеде екі жыл үздік оқиды. Староста. Бірақ оныншыны мектептен тәмамдауға бел буады. Бұл да қызық. Педучилишеден мектепке ауысу үшін облыстық білім басқармасы рұқсат бермеген соң, бірден КП Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовке хат жазады. Сөйтіп, Шаяхметовтің өзінен нұсқау келіп, орта мектепке қабылданыпты. Оны күміс медальмен аяқтайды. Тағдыр дегенді қойсаңызшы. Тағы да Қарағандыға айдап әкелді. Ендігі міндет - Қарағанды политехникалық институттың тау-кен инженері мамандығын игеру. Бұл -1954-1959 жылдар.

Тау-кен шеберінен миллиард тонна көмірге дейін

Өмірдегі еңбек жолы Қарағандыдағы №42 шахтадан басталды. Алғашқыда тау-кен шебері ретінде тағайындалған жас жігіттің 20 жылдан соң ел басқаратын тұлға боларын сол уақытта ешкім білген жоқ. Негізі еңбектің шыңдайтыны да шындық екен. Оның үстіне, ол еңбек төзім мен табандылықты, бірбеткейлік пен батылдықты қажет ететін болса. Мұндай ерен еңбекпен, топ жармау мүмкін емес-тін.

Шахтада жүріп, алғыр, білімділігімен көзге түскендігі де сондықтан. Трестің қауіпсіздік бойынша бас инженерінің орынбасары, №18 шахта вентиляциясының бастығы, «Северная» шахтасының басшылығына дейін көтерді еңбегі. Лауазымды, қызметті Байболат Әбдірахманұлы іздеген жоқ. Абыройлы қызметтер, лауазымдар өздері тауып жатты. Адал еңбек қайда болса, атақ-абырой сонда еді ол жылдары.

Ал, 1978 жылы «Северная» шахтасындағы кеншілер Одақты дүр еткізді. 1978 жылы 18 қаңтарда Қарағанды көмір бассейні миллиардтық тонна көмір берді. Бұл – Қарағандының тағы бір жұлдызы жанған сәті-тін. Көмірдің миллиардыншы тоннасы Қарағандының көне шахтасы - «Севернаяның» А.Романюта басқарған №1 учаскесінің ұжымы алды. Бұл сәт «Правда», «Известия» басылымдарында жарияланды да.

Димаш Ахметұлымен алғашқы кездесу

Бұдан кейінде Көмір өнеркәсібі министрінің бұйрығымен «Қарағандыкөмір» ӨБ экономика бойынша директоры ретінде лауазымды қызмет атқарған Байболат Әбдірахманұлы 1979 жылы Қарағанды қалалық атқару комитетінің төрағалығына сайланды. Сайланардан бұрын сол кезеңдегі тәртіп бойынша КП ОК-нан әңгімелесуден өтуі керек-тін. Орталық Комитеттің бірінші хатшысы қазақтың ұлы тұлғасы Димаш Ахметұлы Қонаев еді.

Байболат Әбдірахманұлы Димекенмен тұңғыш кездесуін еске алады...

«Димаш Ахметұлымен кездесетін болып белгіленді. Димаш Ахметұлының қабылдау бөлмесіне мені Қарағанды облысына жауапты нұсқаушы ертіп апарысымен, ойым шашырап, тілден айырылдым да қалдым. Қабылдау бөлмесіндегі күзетшілері кіріп біліп шықты. Телефонмен сөйлесіп жатқанын айтты. Отырмыз. Менің ойым шашылған. Қалай сөйлесуім керек? Не деуім қажет? Бәрі-бәрі ұмытылып қалды. Бір кезде көп

кешікпей Димаш Ахметұлына кіруге рұқсат берілді. Үшеуміз, соңында мен кіріп келеміз, бір кезде қарасам, Димаш Ахметұлы қарсы жүріп келеді. Ойым Димаш Ахметұлы шыққалы тұр екен деп, жалт бұрылып шығып кетпек едім: «Байболат, қайда барасың? Мен сені қарсы алмақпын» дегені. Сөйтсем, Димаш Ахметұлы қандай адам болса да, орнынан тұрып, алдынан шығып, күтіп алатын әдегі екен. Қолымды алып амандасып, жетектеп әкеліп орындыққа отырғызды. Сосын инструктордан сұрады. Инструктор мен туралы баяндап берді. Содан кейін басқаларын шығарып жіберіп, Димаш Ахметұлы екеуміз ғана қалдық. Тілден айырылған мені Димаш Ахметұлы ақыры сөйлетті. Сөйтіп, ең алғашқыда 40 минут әңгімелестік».

Димаш Ахметұлының рұқсаты берілгеннен кейін Байболат Әбдірахманұлы Қарағанды қалалық атқару комитетінің төрағасы болып бекіді. Бұл қызметте аттай 5 жыл тер төкті.

«Адам баласының қолымен жасалғанның бәрі — уақыт пен төзімнің жемісі» (О.Бальзак).

Байболат Әбдірахманұлы басшылық еткен жылдары Қарағанды әлеуметтік-экономикалық негізде дами түсті. Қала көріктеніп, оның абаттандырылуына, тұрғын үйлердің фасадының талапқа сай болуына жете мән берілді. Бүгінгі Қарағанды көшелерінің көркем келбеті сол жылдардан бастау алған болатын.

Сол жылдары Қарағанды кооператив институты құрылды. Бұрынғы «Октябрь» кинотеатры филармония болып қайта жөндеуден өтті. Цирк ғимараты ашылды. Орыс драма театры қайта жөнделді. Федоров, Гоголь көшесіндегі көпірлер құрылысы қолға алынып, пайдалануға берілді. №2 сорғы стансасы қалыпқа келтірілді. Қарағандының Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі құрылыстар салына бастады. Ең бастысы, Қарағандының даму жоспары жасалып, бекітілді. Сол даму жоспар бойынша Қарағанды қанат жайып, өрісі кеңі түсті...

«Төраға мандатының шегі – 5 жыл»

Тұп-тура 5 жыл қаланы басқарған Байболат Әбдірахманұлы өзі өтініп, басқа жұмысқа ауысты. – Өйткені, – дейді, – 5 жылдан соң бір орында отырған адам ештеңе тындырмайды. Ол тек қана жұмысқа кедергі келтіретін болады. Ұстанымынан айнымаған білікті басшы, білімді азамат ғылымға қарай ойысты. Онда да күйттегені – кеншілердің жұмыс қауіпсіздігі...

Өмірдерек:

1959 жылы Қарағанды политехникалық институтын бітірген. 20 жыл бойы Қарағанды шахталарында тау-кен шеберінен «Северная» шахтасының директорына дейін еңбек жолынан өтті.

1979 жылы Көмір өнеркәсібі министрінің бұйрығымен «Қарағандыкөмір» ӨБ экономика бойынша директоры болып ауыстырылды. Осы жылы Қарағанды қалалық халық депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Осы қызметте 1984 жылға дейін еңбек етті.

1984 жылы ШығысҒЗИ (Ресей) институтының ғылым бойынша директордың орынбасары – ШығысҒЗИ Қарағанды бөлімшесінің басшысы болып тағайындалды, 1992 жылы тау-кен өнеркәсібінде жұмыс қауіпсіздігі бойынша Қазақ Мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтының тұңғыш директоры болып бекіді. Онда 2009 жылға дейін жемісті еңбек етті.

Адам және табиғат қауіпсіздігі, экология Халықаралық ғылымдар Академиясының академигі, ҚР Минералдық ресурстар Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған, жаратын жұмыстар бойынша Республикалық Ведомствоаралық кеңесінің мүшесі.

35 ғылыми еңбек және 8 өнертабыс авторы, 25 ғылыми-зерттеу жұмыстарының ғылыми басшысы және тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізу бойынша 50-ден астам нормативтік-құқықтық құжаттардың авторы.

«Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған, «Шахтер Даңқы» белгісінің толық кавалері, Қазақстан Республикасының Құрметті кеншісі.